



Конституция – Қазақстанның өркендеуі мен тұрақтылығының негізі

27 ші тамызда Киевка кентінің орталық кітапханасының оқу залында «Конституция – Қазақстанның өркендеуі мен тұрақтылығының негізі» тақырыбында Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оған басты қонақтар еңбек және тыл ардагері А.Камзин, еліне еңбегі сіңген ардагер ұстаз М. Айтжанов, ардагерлер ұйымының төрайымы К.А.Жұмаділова, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ж.А.Мұхамеджанов, Әділет басқармасының басшысы Д.М.Искакова, көп балалы аналар, географ ұстаз С.Б.Букеров, Жастар орталығының басшысы М.Жұматаева, ішкі саясат қызметкерлері, жастар мен тұрақты оқырмандар, кітапхана қызметкерлері қатысты.

Ата Заң - ел азаматтары үшін қастерлі де қадірлі, қасиетті құжат, біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Аға әдіскер С.А.Мустафина, жас маман Г.Омарова биылғы жылдағы айтулы мерекелер Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Ассамблеяның 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, ҚР Конституциясының 20 жылдығына байланысты өткізілген іс-шаралар мен олардың маңыздылығына екі тілде тоқтала келе, айтулы мерекемен

құттықтады.

А.Камзин өзі еңбек еткен жылдардағы қиындықтар мен соғыстан кейінгі жоқшылықтарды айта келе, қазіргі өмір тыныштығы, ел бірлігі мен бейбіт заманның қадірі туралы әңгімеледі. «Заман қандай болған күнде де адамгершілік пен адами қасиеттерді,



сыйластықты сақтай білсек, ел іргесі құтты, бірлігі мықты болмақ», - деді. Ардагер ұстаз М.Айтжанов Ата Заңға арнап шығарған өлеңін көпшілікке ұсынып, қошеметке бөленді. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ж.А.Мұхамеджанов Нұра

ауданы бойынша дамып отырған кәсіпкерлік пен жеке шаруашылық қожаларының жетістіктерін саралап, барлығы Ата Заңымызда көрсетілген кемеңгерлік пен парасаттылық екендігін айтты. Әділет басқармасының басшысы Д.Н.Искандирова Ата Заңымызда көрсетілген адам

тыныштық пен үйлесімділік құрып отырғандығын, діни ұстанымдылық пен өзара жарасымдылық жайлы айта келе, Ата Заңда көрсетілген тең құқықтық жайын әңгімеледі. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Л.А.Кумпан аудан бойынша отыз бес кітапхана, жиырма тоғыз клуб, бір мұражай, бір мәдени орталықтың айтулы мерекелерден тыс атқарған жұмыстарына тоқталды. «Ата Заң - елдігіміздің, егемендігіміздің айбыны дей келе, аудан бойынша кітап қорының таралымы, оқырмандармен жүргізілген жұмыстардың жүйелілігіне тоқтала келе, көпшілікті мерекелерімен құттықтады.

Еліміздің өсіп-өркендеуі, әлеуметтік-экономикалық дамуы азаматтық құқық пен адам еркіндігін қамтамасыз ететін заңдар мен заңнамаларға тікелей байланысты. Конституцияның қағидалары мен нормаларына сүйене отырып, Қазақстан орасан табысқа қол жеткізді. Біз Ата Заңға сүйене отырып, еліміздің іргетасын бекіттік, дамудың даңғылына түстік. Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты, тарихи таңдау жасап, бағыт-бағдарын, жүрер жолын айқындады. Ата Заңымызды қастерлеп, қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде берік те мықты мемлекеттігімізді орнатып, тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік.

құқықтары мен мүмкіндіктерін алға тартты. №3 Киевка орта мектебінің география пәні мұғалімі С.Б.Букеров Қазақстандағы 140 ұлт өкілінің жарасымды өмір сүретін халықтарының өзге дін өкілдеріне деген сыйластығының арқасында

Нұрыш Нақышова